

*Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қарасу ауданының білім беру бөлімінің
Жаныспай негізгі орта мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің басшысы Л. К.
Сальникованың «2023 жылғы Мемлекеттік
қызмет көрсету қорытындылары туралы»
тезистері, 2024 жылғы қаңтар*

Мемлекеттік қызметтер Тізіліміне сәйкес «Қарасу ауданының білім беру бөлімінің Жаныспай негізгі орта мектебі» КММ 7 мемлекеттік қызмет көрсетеді. Мемлекеттік қызметке жауапты тұлғалар: Бердимбетова Е.Г., Носова Н.Ф., Тюлепова Г.Г. , қызмет көрсетеді.

2023 жылдың 12 айында **22 мемлекеттік қызмет көрсетілді:**

- мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы ("SAKURA" АЖ, "INDIGO" АЖ)- **22 қызмет.**

Жыл сайын білім беру ұйымдарында мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық шығарылады.

Ағымдағы жылдың 12 айында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша жүргізілген түсіндіру іс-шараларының саны **16 іс-шараны** құрады. Ағымдағы жылдың 12 айында халықты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша түсіндіру іс – шараларымен қамту-**260 адам..**

«Қарасу ауданының білім беру бөлімінің Жаныспай негізгі орта мектебі»КММ 2023 жылдың қаңтар айында мемлекеттік қызмет көрсету сапасын мониторингілеу бойынша 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекітті, оған мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын түсіндіру бойынша құқықтық білім мектебінің мәселелері енгізілді. Жоспардың тізбесінде директордың жанынан Мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есепті жария талқылау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мәселелері бойынша кеңестер өткізу пункттері де бар. Жоспар толығымен іске асырылды, барлық мәселелер қаралды.

Кедергісіз қол жеткізу үшін мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға жағдай жасалған: пандус, қызмет көрсету аймағы, шақыру түймесі, Брайль шрифті бар маңдайшалар, тұрақ орны бар.

Ай сайын «Қарасу ауданының білім бөлімінің Жаныспай негізгі орта мектебі» КММ-де халық арасында білім беру саласының қызметтерін электронды түрде алу мүмкіндіктері, оның ішінде құжаттарды ұсыну мерзімдері, әлеуметтік желілерде ақпаратты орналастыру арқылы стандарттарда көзделген қажетті құжаттар тізбесі туралы кең ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыларды мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы хабардар ету үшін мектепте көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша өзекті ақпарат орналастырылған, халыққа қолжетімді жерде стенд бар. Білім беру ұйымының интернет-ресурстарында мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер

орналастырылған. Мектеп сайтында Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлғалардың телефон нөмірлері мен жұмыс кестесі орналастырылған. Көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету кестесі мен тәртібін сақтайды.

Білім беру ұйымы ұсынатын мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

2023 жылдың өткен кезеңінде көрсетілетін қызметті алушылар мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жауапты тұлғалардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданбады..

Назарларыңызға рахмет!

